

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ДЕНИС ШИПТІ ҚАБЫЛДАДЫ

**Президентке Жоғары
сот кеңесінің 2022 жылы
атқарған жұмыстарының
қорытындысы, еліміздегі су-
дьялар корпусының жай-күйі
және оның тапсырмаларының
іске асырылу барысы туралы
мәлімет берілді.**

Жоғары сот кеңесі төрағасының айтуынша, судьялар корпусының құрамын қайта жаңарту мақсатында қабылданған шаралардың нәтижесінде былтыр судьялық қызметке ұсынылған адамдардың саны сот жүйесінен кеткен судьялардың санынан асып түскен.

Мемлекет басшысының сот жүйесіне нақты сала мамандарын тарту жөнінде берген тапсырмасын орындау үшін алғаш рет жеке-



леген құқық салаларындағы заңгерлер арасында қарым-қатынастың маңызды жағын айқындайды. Конкурер жеңімпаздары аудандық деңгейді айналып өтіп, бірден облыстық соттың судьялары бола алады.

Бұдан бөлек, Президентке Кеңесті институционалды тұрғыда нығайтуға және оның құзыретіне соттардың кадрлық мәселелерін беруге, сондай-ақ судьялардың тәртіптік бақығталған институтын жетілдіруге жауапкершілік жоспар туралы баяндалды. Сонымен қатар судьяларды іріктеу ісін жетілдіру және оның ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырмалар беріп, сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

akorda.kz

ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ: МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ АВТОМАТТАНДЫРУ БИЗНЕСТІ НЕГІЗСІЗ ТЕКСЕРУЛЕРДЕН ҚОРҒАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан
Смайыловтың төрағалығымен өткен
Үкімет отырысында кәсіпкерлік
қызметті «таза парақтан» реттеуді
іске асыру барысы қаралды.**

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанышев бүгінгі таңда реттеудің барлық 44 саласы қаралғанын, 2 823 нормативтік-құқықтық актіге талдау жасалғанын баяндады. Нәтижесінде мемлекеттің жаңа реттеуші саясатының шарттарына сәйкес келмейтін бизнеске қойылатын 10 108 талап анықталды. Осыған байланысты өткен жылдан бастап заңға тәуелді актілер аясында оларды жою бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Осыған ұқсас процесс заңнамалық өзгерістер бөлігінде де жүріп жатыр.

Сонымен қатар реттеу салаларын талдау қорытындысы бойынша Smart Data UKimef платформасында кәсіпкерлік саласындағы Міндетті талаптар тізімі іске қосылды, ол реттеуші актілерді тұрақты негізде қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл ретте бизнес-ортаға теріс әсер ететін талаптарға қатысты «Реттеуші гильотина» әдісі қолданылатын болады. Ол кәсіпкерлерді талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатуы қарастырады.

Сонымен қатар министр 2022 жылы мемлекеттік бақылаудың 35 саласы автоматтандырылғанын, мемлекеттік органдардың 16 ақпарат жүйесін Smart Data UKimef-ке интеграцияланғанын айтты. Қалған 35 саланы автоматтандыруды 2023 жылы аяқтау жоспарланатын отыр.

Өз кезегінде «Атамекен» ҰҚП төралқасының төрағасы Райымбек Баталов кәсіпкерлікті реттеу салаларын талдау жұмысына байланысты 100-ден астам сарапшы тартылғанын хабарлады.

Премьер-Министр бизнеске әкімшілік жүктемені азайту үшін барлық реттеуші актілер бойынша ауқымды талдамалық жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

«Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша Міндетті талаптар тізімі қаралды. Оны біз қазір кезең кезеңіне қарай, реттеуші актілерді біртіндеп қайта қарауға кірістіріп отырмыз. Бұл жерде «Атамекен» палатасы белсенді рөл атқаруы тиіс. Яғни, орынсыз, бірін-бірі қайталайтын немесе тиімсіз талаптарды анықтау және алып тастау жұмыстары тұрақты негізде жүргізілетін болады», — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы мемлекеттік бақылау жүйесінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін автоматтандыру бойынша кешенді шаралар қабылданып жатқанын айтты. Өткізілген 35 салада бұл жұмыс аяқталды.



Ол кәсіпкерлерді негізсіз тексерулерден қорғауға мүмкіндік береді.

«Жалпы «таза парақтан» реформасы бизнес-ортаны реттеудің тиімділігін арттырып, кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Бизнесің тұрақты да табысты қызметіне бірінші кезекте, мемлекеттің өзі мүдделі. Кәсіпкерлер осыны сезінулері керек», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, атқарылған жұмыстар 2029 жылға қарай шағын және орта бизнеске жұмыс істейтіндер санының 4,7 млн адамға дейін өсуіне және мемлекеттің экономикадағы үлесін 14%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Премьер-Министр бизнеске қойылатын артық талаптарды жою бойынша заңнамалық өзгерістердің уақытылы қабылдануын қамтамасыз ету, заңға тәуелді актілерге тиісті түзетулер енгізуді жылдамдату және бірінші жартыжылдықтың соңында дейін мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыру жұмысын аяқтау қажеттігін айтып өтті.

Одан бөлек, Әлихан Смайылов ашықтықты арттыру мақсатында мемлекеттік қолдау шараларын алушыларды іріктеу рәсімдерін одан әрі автоматтандырудың, сондай-ақ өндірістер мен министрліктер тарапынан өндірістің, инфрақұрылым мен электр энергиясының негізгі факторларына тең қол жеткізу бойынша жаңа бизнес-жобаларға жан-жақты қолдау көрсетудің маңызды екенін атап өтті.

Сонында Үкімет басшысы мемлекеттік органдарды кәсіпкерлердің өтініштері бой-

ынша жедел әрекет етуге шақырды.

«Жер қатынастары, мемлекеттік сатып алу, салықтық әкімшілендіру, сәулет және қала құрылысы салаларында шағымдар саны көп. Жұмыстың жаңа белсенді форматына көшіп, бизнес жиі көтеретін проблемаларды шешу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет», — деді Әлихан Смайылов.

БІЗГЕ АШЫҚ ЖӘНЕ ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ МИНИСТРЛЕР МЕН ӘКІМДЕРДІҢ АЗАМАТТАРМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ ТУРАЛЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында министрлер мен әкімдердің 2022 жылғы қазақстандықтармен кездесулерінің қорытындысы қаралды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің хабарлауынша, көшпелі кездесулер аясында 2022 жылдың қорытындысы бойынша, министрлер 216 жеке қабылдау өткізіп, 1498 азаматтың арыз-шағымын тыңдаған. Кездесуде 1679 ірі проблемалық мәселе көтеріліп, оның 1241-і (74%-ы) шешілді. Ал 438-і мемлекеттік органдардың орындауында.

Өз кезегінде, ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанышев 2022 жылдың II жартыжылдығында әкімдердің халықпен 19,8 мыңға жуық кездесулері өткізілгенін хабарлады. Олардың барысында тұрғындар әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым нысандарын салу, экологияның жайы, жолдарды жөндеу, жер мәселелері және тағы басқа сұрақтар бойынша 33,4 мыңнан астам (99%) мәселе

көтеріп, өз ұсыныстарын айтты.

Өңірлерде халықпен кездесулер өткізу қорытындысы туралы Алматы облысының әкімі Мәрат Сұлтанғазиев пен Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов баяндама жасады.

Премьер-Министр сұрақтар негізінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, сондай-ақ баға мәселесіне қатысты екенін атап өтті.

«Олардың басым бөлігі министрлердің халықпен кездесулерінде жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен сол жерде шешілді. Ал қалған мәселелер мемлекеттік органдардың Іс-қимыл жоспарларына енгізілді», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, олардың кейбіреуі заңнамалық өзгерістер, қосымша қаржыландыру немесе басқа ведомстволардың шешімдері қажет. Сондықтан Іс-қимыл жоспарларына енгізілген проблемалық мәселелерді уақытылы шешуді қамтамасыз ету керек.

Сонымен қатар Әлихан Смайылов бірқатар министрліктердің басшылары кездесулерді алдын ала хабарлау ете отырып, сапалы ұйымдастырып, қорытындысы бойынша арнайы брифингтер өткізілгенін айтты. Ал, кейбір министрлік басшылары жоспарланған 15 кездесуді өткізген жоқ.

«Бұл жерде қандай да бір сылтау айту орынсыз. Ешқандай себеп қабылданбайды. Барлық кездесулер өткізілуі тиіс. Оған вице-министрлерді де тарту қажет. Бұл азаматтарды көбірек қабылдауға мүмкіндік береді. Бізге ашық және нақты байланыс қажет. Халық үніне құлақ аса-

тын мемлекет үшін мұндай іс-шаралар халықпен қарым-қатынастың маңызды құралына айналуға тиіс», — деді ол.

Премьер-Министрдің айтуынша, бүгінде әкімдердің кездесулері жаңа форматта өткізіледі. Бұл қатысушылар санын айтарлықтай арттырып, көп мәселені шешуге мүмкіндік береді. Есептерге қарасақ, әкімдермен кездесулерде проблемалардың шамамен 99%-ы шешімін табады. Бұл орайда, Ақтөбе, Қостанай облыстары мен Алматы қаласындағы оң тәжірибені атап өтуге болады. Ал, Алматы, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында тұрғындардың проблемасын шешу көрсеткіштері төмен.

Сондай-ақ Әлихан Смайылов «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп өтетін азаматтардың арыздарына қарайтын болсақ, басқаша жағдай қалыптасып отырғанын атап өтті. 2022 жылы осы жүйе арқылы 1,7 млн-нан астам адам өтініш берді және қаралды. Оның 82%-ы жергілікті атқарушы органдарға тиесілі.

«Өткен жылдың екінші жартысында азаматтардың жергілікті билікке жолдаған арыздарының саны 16%-ға артқан. Бұдан көтеріліп отырған проблемалардың бір бөлігі жергілікті жерлерде шешімін таппағанын көреміз. Сондықтан азаматтар өз мәселелерін «е-Өтініш» жүйесі арқылы шешуге мәжбүр болған. Алматы және Астана қалаларында, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында шағымдар саны көп», — деді Премьер-Министр.

Оның сөзінше, тұрғындар құрылыс, көлік және коммуникация, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік органдар қабылдаған әкімшілік актілерге, олардың әрекетіне немесе әрекет етпеуіне қатысты көп шағым айтады.

«Сондықтан әкімдіктер жергілікті жерлерде мәселелерді шешудің тиімділігін арттыруы қажет. Сонда электронды жүйе арқылы арыздардың азайғанын көреміз», — деді Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Үкімет басшысы әрбір орталық және жергілікті атқарушы органдар бойынша проблемалық мәселелер картасын әзірлеуді, нысаналы топтармен тұрақты кездесулер өткізуді, сондай-ақ кездесулердің өтетіні туралы алдын ала хабарлау, өткен шаралардың қорытындысы туралы келінен жариялауды тапсырды.

«Қазақстандықтар ең күрделі деген мәселелердің шешу жолдары барын көруі тиіс», — деді ол.

primeminister.kz

Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылдық округі әкіміне үміткер АЙТҚЫДЫРОВ Айдар Канатбаевич



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Айтқыдыров Айдар Канатбаевич, 1963 жылдың 14 қыркүйекте Талдықорған облысы, Қапал ауданы, «Қапал» астық совхозында дүниеге келдім. 1971 - 1981 жылы Талдықорған облысының Қапал ауданы «Қапал» астық совхозының Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебін бітірдім. 1981 - 1983 жылға дейін Кеңес Армиясы қатарында екі міндетін атқардым. 1983 - 1986 жылдары Талдықорған қаласының индустриалды-педагогикалық техникумын бітірдім. Еңбек жолымды 1986 жылы Целинный ауылындағы Қапал ауыл шаруашылығы энергиясында электромонтер боп бастадым. 1986 - 1997 жылдары Целинный ауылында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепке еңбек пенінің мұғалімі бол жұмыс істедім. 1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Талдықорған қаласының ТАТЭК Ескелді ауданы Қарабұлақ аудандық электр жүйесінің № 154 учаскесінің мастеры болып жұмыс істеймін. Үйленгенмін, екі ұлым бар.

жағдайын жақсарту абыройлы іс. Мен ауылдық округтің экономикалық әлеуметін және халықтың әлауқатың көтеру үшін мемлекеттің заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әділеттілік, азаматтық принциптерін ұстанамын. Азаматтардың құқықтарын сақтауын бар күшімді және білімімді жұмсаймын. Менің ауылдық округті дамыту бағдарламамның негізгі басымдықтары: Ауылдың санитарлық-экологиялық тазалығын сақтай отырып аббатандыру бағытында жұмыс жасаймын. Ақын Сара ауылына суармалы суын келуін қамтамасыз етемін. Ақешкі ауылының Ақын Сара ауылына дейін және ауыл ішінде арық жүйесін салып, іске қосуға бар күш-жігерімді саламын. Талдықорған - Қапал -Арасан облыстық маңызы бар автомобиль жолының «Қапал» бұрысына Ақешкі ауылына дейін, және ауыл көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуіне ықпал етемін. Қыс кезінде округ жолдары үздіксіз тазалануын қамтамасыз етем.

Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылдық округі әкіміне үміткер БОЗОВ Шынарбек Касымович



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Бозов Шынарбек Касымович, 1970 жылы 7 тамызда Талдықорған облысының Сақан ауданы, Көкөзек ауылында дүниеге келдім. 1977 жылы Көкөзек орта мектебіне 1-сыныпқа қабылданып, 1987 жылы аталған мектепті бітірдім. 1988 жылы әскери борышымды атқаруға Республикасының Минск қаласына шақырылып, 1990 жылы толық әскери борышымды атқарып келдім. 1991 жылы Талдықорған қаласындағы №1 кәсіптік оқыту училищесіне оқуға түсіп, 1993 жылы аталған училищенің «Суретші және көркемдеуші» мамандығы бойынша қызыл дипломмен тәмамдадым. 1999-2004 жылы І.Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің «Кәсіптік оқу» мамандығы бойынша инженер-педагог біліктілігін тәмамдадым. 2021-2022 жылы Жоғарғы Талдықорған политехникалық колледжінің «Спорт және дене шынықтыру» мамандығын тәмамдадым.

Еңбек өтілімді, 1993-1995 жылдар аралығында Талдықорған облысы, Сарқан ауданы, Пограничник орта мектебінде «Сурет және Сыз» пәнінің мұғалімі қызметін атқардым. 1995-1998 жылдар аралығында Талдықорған білім бөлімі, Шымыр ауылы, М.Маметова атындағы орта мектебінде «Дене шынықтыру және Еңбек» пәнінің мұғалімі қызметін атқардым. 2008-2004 жылдар аралығында М.Маметова атындағы орта мектебінде директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызмет атқардым. 2004-2008 жылдар аралығында М.Маметова атындағы орта мектебінде «Алғашқы әскери даярлық» жетекшісі қызметіне ауыстым. 2008-2015 жылдары Ескелді ауданы, Көктөбе орта мектебінде мектеп директоры болып қызмет атқардым. 2015 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің директоры лауазымдық қызметін атқарудамын. 2023-2027 жылдарына арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Қымбатты ауыл тұрғындары! Қазіргі дамыған заманда қоғам сәт сайын құбылып, сағат сайын өзгеріп жатқанын өздеріңіз білесіздер, сондықтан өзгермелі нарыққа бейімделіп, «Жаңа Қазақстан» құрудағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың идеясы халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, қоғам дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы қашылатынына, орын алған олқылықтардың орнын толтыруға, жаңаша дамуға жол ашары сөзсіз. Мен осы уақытқа дейін алған білімім мен жинаған тәжірибемді ауылдық округ тұрғындарының өмір сүру сапасын, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға және ауылдың гүлденуіне алдағы уақытта тиісті жұмыстар жүргізілетінін кәміл сенімдімін. Сайлауға келіңіздер, мен үшін дауыс беріңіздер!

Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылдық округі әкіміне үміткер Асқар Қабдешович АРАПОВ



ӨМІРБАЯНЫ:

Мен, Арапов А.Қ. Ақын-Сара ауылында туып өскенмін. Орта мектепті Қызылағаш ауылында Қапал мектеп интернатында бітірдім. 1979 жылы Еңбек жолын Қапал астық совхозы қазіргі. Ақын Сара ауылында Қойшы болып бастадым. 1982 жыл Эскер қатарына алынып 1984 жылы аяқтадым. Қайта ауылға келіп 1994 жылы 1998 жылға дейін жылқышы болып істедім. 1998 жылы Талдықорған мал дәрігерлік техникумына күндізгі бөліміне (очно) түсіп үздік (отличное) қызыл дипломмен тәмамдадым. 1991 жылдан 1998 жылға Ескелді ауданында Халықты Сумен қамту орталығында қызмет істедім. 2005 жылдан 2020 жылға дейін Талдықорған туберкулезге қарсы балалар Санаториясында Шаруашылық меңгерушісі болып қызмет атқардым. 2007 жылы Жетісу әлеуметтік гуманитарлық колледжіне сырттай түсіп экономика, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша 2010 жылы бітіріп шықтым. 2010 жылдан АТИСО Казахстанская Академия Труда и Социальных отношений тәмамдадым. 2021 жылдан 2022 жылдың қараша айына дейін Энерго-

- ресурс Снабта начальниқ участка болып қызмет атқардым.
- 2023-2027 жылдарына арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Жоспар**
1. Жер мәселесін заң жүзінде шешіп Халыққа тиісті жер үлестерін бөліп беру етістік, шабында жайылым.
 2. Жұмыс орындарын ашу (жеке шаруашылықтар ашылуына ықпал ету).
 3. Ауылымыздың малын асылдан дыру. Әсемит пүнктерін ашу. Жөнге келтіру.
 4. Ақ ешкі Ақынсаранда табынды бақтыру. Малшы табу. Келісімшарт жасу. Төлемін тұрақтандыру.
 5. Мал соятын жер ашу (мал соятын орталық).
 6. Ауылымыздың ұсақ және бойдақ малын, жаз жайлауға, қыс қыстауға жайғастыру жолдарын қарастыру.
 - 6А. Егерде жеріміз қашарларымыз (баздар) қайтып жатқан жағдайда ауылдың азын аулақ маын халықпен ақылдасып, сол қашарларда ұстауға ықпал етемін. Баққан адамдардың еңбек ақысын жөнге келтіруді қарастырамыз.
 7. Суармалы судың сұрағын шешу (ауылда) көктемде тумалардың көздерін ашу.
 8. Ауылдың тазалығын және санитарлық гигиеналық жағдайын жақсарту керек. Жыл сайын көктемде тазалық айын өткізу керек.
 9. Арық жүйелерін ретке келтіру.
 10. Мәдениет үйінің жаңадан салыну жұмысын қадағалау.
 11. Ақсақалдар алқасының және ынтымақтастық топтың жұмысын жаңадандыру мәселесін ауылымызда кімде болсын бреуге тиісін жаға жырттыса, бреудің малы жеріне түссе, соның барлығын өзіміз шешуіміз керек.
 12. Жастар саясатына – жастардың біліміне, тыныс тіршілігіне көңіл бөлу қажет. Өйткені білімді және спортқа бейімді жастар біздің келешегіміз.
 13. Ақын Сара ауылының қалаға жүретін 12 шақырымдық жолдың мәселесін шешу.

2023-2027 жылдарына арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ




ӨМІРБАЯНЫ:

Мен Байбосынова Ақмарал Ермекебаевна, 1968 жылы 8 желтоқсанда Алматы облысы, Қапал ауданы, 3/с Капальский ауылында дүниеге келдім. Өмірімді білім және жұмыспен өткіздім. 1986 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Көктөбе ауылында орналасқан Көктөбе орта мектебінде орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек етемін. 2013 – 2017 ж. Астана қаласындағы «Асу» Гуманитарлық – техникалық колледжінде оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым. 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Көктөбе ауылында орналасқан Көктөбе орта мектебінде орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек етемін.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында білікті жас мамандарды ауылға тартуға үлесімді қосамын. Округ жастарын рухани-патриоттық тәрбиелеуде, спортты дамытуға, салауатты өмір салтын тәрбиелеуге барлық күш – жігерімді жұмсаймын. 2023-2027 жылдарына арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Қымбатты ауыл тұрғындары! Қазіргі дамыған заманда қоғам сәт сайын құбылып, сағат сайын өзгеріп жатқанын өздеріңіз білесіздер, сондықтан өзгермелі нарыққа бейімделіп, «Жаңа Қазақстан» құрудағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың идеясы халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, қоғам дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы қашылатынына, орын алған олқылықтардың орнын толтыруға, жаңаша дамуға жол ашары сөзсіз. Мен осы уақытқа дейін алған білімім мен жинаған тәжірибемді ауылдық округ тұрғындарының өмір сүру сапасын, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға және ауылдың гүлденуіне алдағы уақытта тиісті жұмыстар жүргізілетінін кәміл сенімдімін. Сайлауға келіңіздер, мен үшін дауыс беріңіздер!

ҮМІТКЕР БАҒДАРЛАМАСЫ: Егер мен әкімдікке сайлансам, келесі бағыттарды шешуге бар күш – жігерімді саламын: - Ауылдық округ тұрғындарын сумен қамтамасыз ету бойынша проблемалық мәселені шешу; - Ауылға жоғарғы жылдамдықтағы интернет желісін орнату; - Жол құрылысын қоғамдық бақылауда ұстау; - Азық – түліктің қолайлы бағасы қойылған әлеуметтік дүкен ашу; - Халыққа жайылым жерлерді қайтару, бау – бақша сұғаруға арналған арықтар қазып, қалпына келтіру; - Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз қамтылған отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек көрсету; - Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу; - Ауылдың аббатандыру, көгалдандыру, көшелерді жарықтандыру, санитарлық тазалығын сақтау жұмыстарын үнемі жүргізу. **Менің мақсатым Ақын – Сара ауылдық округін көркейтуді, оның өркендеуі үшін, халықтың әлеуметтік - тұрмысын жақсарту үшін еңбек ету.**

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ!



ҰЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі **ҰЕҰ дерекқорына ұйымдардың өз қызметі туралы мәліметтерді ұсыну мерзімі 2023 жылғы 31 наурызда аяқталатынын хабарлайды.** ҰЕҰ Дерекқорына мәліметтер беру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламалар мен әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҰЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін шарт болып табылады. Сондай-ақ, ҰЕҰ Дерекқорына тіркелу ұйымдарға қазақстандық басқа бірлестіктердің табысты жобаларымен танысуға, тәжірибе алмасуға, ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға мүмкіндік береді. Кіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді келесі тәсілдердің бірімен ұсына алады: 1) ҰЕҰ Дерекқорының <https://infonpro.gov.kz/> интернет-порталы арқылы (интернет-порталда авторизациядан өту ХҚКО-да алынған заңды тұлғаның ЭЦҚ кілтінің көмегімен мүмкін болады); 2) уәкілетті органға қағаз және электрондық тасығыштарда (Word форматтыңда CD-дисктерде немесе USB-флэш-жинақтаушыларда) пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынады (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 «Министрліктер Үйі», 15-кіреберіс). ҰЕҰ Дерекқорына мәліметтерді ұсынуға, уақтылы ұсынбау және толық емес немесе көрінеу, жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген. Осы орайда, үкіметтік емес ұйымдарды 2023 жылдың 31 наурызына дейін ҰЕҰ Дерекқорына infonpro.gov.kz ақпараттық ресурсы арқылы 2022 жылғы қызмет туралы мәліметтерді тапсыруға шақырамыз.

ДОМБЫРА - ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол — қазақтар өмірінде маңызды орын алатын өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма — күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра — қазақтың халық аспабы.

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның сыңғырлаған үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған.

Әрбір шаңырақтың төрінде ілулі тұратын домбыра ұлттық өнерді ұлықтайды. Оны ұлтымыздың жаны дерсің. Халқымыз бабаның көзіндей, қазақтың өзіндей болған қастерлі дүниенің қадір-қасиетін құрметтей біледі. Әдетте домбырасы жоқ шаңырақты мұрасы жоқ үй ретінде бағаланады. Ғасырлар бойы сақталған даланың рухы мен бабаның ғұрпын бүгінге жеткізген ұлттық құндылықтың тамыры тым тереңде жатыр. Домбыраның өзіне тән үні бар, сол қоңыр үнді нағыз шебер ғана өз нақышына келтіріп орындай алады.

Қашанда қазақ пен домбыра егіз екенін айтады. Екеуінің біртұтас ұғымға айналып кеткеніне тарих куә. Сол қасиетті қара домбыраның күмбірлеген үні талай қазаққа рух береді. Оның шаңағынан төгілген әсем әуен мен тәтті күйге тәнті болып, құлақ құрышын қандырамыз.

Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастар көп. Бұл қуантарлық жайт. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің қолымыздан келеді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Қ.М.МУКСАТОВА,
домбыра сыныбының оқытушысы,
Н.Тілендиев атындағы
балалар музыка мектебі,
Талдықорған қаласы, Жетісу облысы

БАҒА ҚАЙДА БАРАСЫҢ?



**Баға қайда барасың?
Айға самғап ұшасың!
Ұшар көлігің Зымыран,
Жеткізбей зулап барасың!!!**

Зымыран мен зулаған баға, шарықтап барады. Қонар ұясы мен тоқтар аялдамасы жоқ баға қайда асығады. Қарапайым халық шаңына да ілеспей келеміз. Бұл қалай? Айлық тан айлыққа, шайлықтан шайлыққа жеткізе алмай жүрген халық тіршілігі қалай? Күн көріс, аяқ алысқа қалай түрті? Бағаның тұрақтанбауына не себеп? Өзімізден өндірілген азық неге қымбат? Өмір сүру үшін қанша айлық қажет? Шамалап айлық ессе, тағам бағасы он есе өседі. Бұл қалай? Айлық өсіргеннен пайда бар ма? Екеуі тепе-тең деп айтсақ, қателесеміз? Себебі, азын-аулақ, тиын — тебен тауып, күнін көріп жүрген қарапайым халық жағдайы теңесе алмас. Міне, баға өсіп, тағам құны мың еселенеді. Бұндай жағдаймен күн көруіміз жақсара алмас. Кешегі жеген дәрумендер, ұйқыда көрер түске айналды. Түс демекші, түсімізде көрсек қуанар едік. Бірақ, қазіргі таңда мың тынығып, түс көріп ұйықтайтындардың да саны санаулы. Бір адам, отбасын немесе өзін асырау үшін бір ғана емес, бірнеше жұмыс жасайды. Сон да бұл қай ғасыр? Артық айтсақ, арттан ерер ереуіл көп...

«Үркер үйден көрінсе, үш ай тоқсан қысың бар» демекші, бала күнімізде әр отбасы азық-түлікті қапшықтап сатып алатын да, көңілі жайланып жүретін. Қазір ондай көптеп-көлемдеуші тұтынушылар қатары мүлдем сиреп кеткенге ұқсайды. Өйткені екінші бірінші әлеуметтік, қаржылық жағдайы көтере бермейді. Содан барып азық-түлікті там-тұмдап алуға тура келеді. Әрине, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ тұрмыс кешсе өйтпес еді ғой. Оның бір себебі — жұмыссыздық, табыс көлемінің аздығы. Екінші қыры — қымбатшылық. Расында, қазіргі қоғамдағы қайыршылық, жұмыссыздық, кедейлік, қаржылық дағдарыстан туындайтын әлеуметтік құбылысқа бағаның қымбаттауы да қосылып, онсыз да әбден титықтаған халық запы болып, запыран құсумен келеді. Сауда орындарына бара қалсаң баға деген қол қариды, қалтаны қағады. Шынтуайтына келгенде, май жағып қойғандай су-сып кете беретін баға мәселесін айта-айта ауыз талатындай күйге жеттік. Бағаның ырық бермей келе жатқанына да сан мәрте шүйліксек те, нәтиже шығар емес. Бұл нарық заңы ма? Әлде қолдан жасалып отырған берекесіздік пе? Ол жағын тап басып айту қиын. Бір сөзбен айтқанда, қолының майын мәсісіне сүртіп отырған ешкім жоқ.

Баға жайы тіпті үлкен мінберден де оқтын-оқтын емес, күн сайын айтылса да еш нәтиже шығар емес. Баға нарық ауыздықтауға Үкіметтің өзі де шара-сыз ба деп қаласың. Бұл мәселе жазылмас дертке айналған ба? Әл де халықтың жуастығы ма? Жоооо — жоқ, халық жуас емес. Халық жасарын жасады, асарын асады. Нәтижесі-айналып өзіне тиді. Енді нестейміз? Әрбір істің кірер есігі болса, шығатын да есігі болады. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару керек. Сонда бірлік те, тірлікте болады. Бұлай дейтініміз, біз өз-өзімізді ойламасақ, бізді ойлар өкімет жоқ. Бәріміз батқан қарыз бен несие. Тапқанымыз тамақ пен несиеден арылмайтын тағдырымыз егіз. Сол егіз тағдырымыздан біреуі өсіп, кесімін бастаса, басуға асықпыз. Неге, бұл да көкейкесті сұрақ? Өсіп-өнейін, күнімді көрейін дейтін буынға аяқ шалу да бар. Жаңағы айтқан бірлігіме халық болып, қол созу қажет. Біріміздің қалтамызға қол сұқпай, бір-бірімізге демеу болсақ, баға қайда кетеді. Шарықтаған аспапнан да жерге түсер. Бұлай дегенім, баға өсті деп, жол ақысын да көтеріп алар таксилер де аздық емес. Қайтсын, балама тамақ, үстіне кебін болсын дейді оларда. Қолдан жасалған берекесіздіктің алдын алып, тоқтар да өзіміз. Тамақ дедік, киім демедік. Жаңадан киім алуды да ұмыттық. Жыртылып жатса жамап, ескіріп жатса етегін кесіп, белдемше ге немесе күртеге айналдырып, тіпті болмаса, балаға бір кебінгіп қолдан тігіп киюдеміз. Түтігі шыққан киімді тастаудан қорқатын заман болдық. Тастайын десеңде тастауға қимай, азығыңды ойлайсын. Міне, дамьған заман! Заман өзгерді дейміз, жоқ заман емес адамдар өзгерді. Кішкене қалтаға біткен алтын мен басқа түскен билік өзгертті. Өзгерсін, бірақ күн көруге тиіспесін. Артық айтпай қоймаймыз ба? Әлде тұспалдайын ба? Кешегі бабаларым өмір сүрген уақыт қайда? Еті мен наны өзін де, көлігі есік алдын да. Мал — жайын бағып, егін егіп, бала оқытып аш қалған жоқ. Бүгінгіміз ше? Жастар — жастар дейміз. Жастарды жалқау деп бағаламаймыз. Еңбек етем деген жастар көп қой. Оқуын бітірген қаншама буын жұмыссыз. Қолдаймыз, қолдаулар көп биліктен. Бірақ, сұрауы көп. Кімнен не сұрап, не көрерінді білмейсің? Сіз не дейсіз бұған? Көпке топырақ шашпау керек. Көрген жақсылықтарымыз да аз емес. Көрдік, жоққа шығармау керек. Жасап жатыр біз үшін. Оңайлық пен жетпейміз. Маңдай тер, табан алды тозып, әркімнің есігін бір қағып, жалынып жүріп жетеміз... бізде ғана осылай ма?

Арай ӘДІЛ.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУ ҮШІН ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ АЛУ

Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының көтерме және бөлшек нарықтағы тұтынушылар арасында туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамамен реттеледі.

2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген Электр энергиясын пайдалану қағидаларының (бұдан әрі — Қағидалар) 3-қосымшасына сәйкес, электр желілеріне қосылу үшін еркін нысандағы өтініш пен сауалнаманың негізінде тұтынушыларға электр желілеріне қосылуға арналған техникалық шарттар беріледі. Жаңадан қосылған немесе қалпына келтіруге болатын электр қондырғыларға энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымдар техникалық шартты тұтынушыдан өтінішті алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 43 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға түзетулер енгізілуіне байланысты энергетикалық кәсіпорындар техникалық шартпен бірге тұтынушыларға электр желілерінің балансы шекарасын анықтау мен тараптардың қол қойған пайдалану жауапкершілігі актісін қосылу схемасымен қоса береді. Құрылыс мерзімінде салынып жатқан объектілерді электрмен жабдықтау үшін тұтынушыларға уақытша техникалық шарттар беріледі.

Техникалық шарттарды беру энергия беруші ұйымның электр желілеріне немесе энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларына қосылудың техникалық мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Техникалық шарттарды беру және қайта ресімдеу үшін ақы алынбайды.

Техникалық шарттарда көрсетілген талаптармен келіспеген жағдайда тұтынушы тәуелсіз энергетикалық сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымымен байланыса алады. Техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізсіздігі туралы энергетикалық сараптаманың қорытындысы негізінде тұтынушы энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға еркін нысандағы өтінішті қайта жібереді.

Техникалық шарттарда көрсетілген талаптарды өзгертуден екінші рет бас тартқан жағдайда тұтынушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның әрекеттеріне шағымданады.

Тұтынушылардың электр желілеріне қосылуы жо-спарлап отырған қосалқы тұтынушылар техникалық шарттарды тұтынушылардан (электр желілерінің иелерінен) алады және оларды тұтынушыға техникалық шарттар берген энергия беруші (энергия өндіруші) ұйыммен келіседі. Тұтынушымен (электр желілерінің иелерімен) келісім бойынша энергия тұтынушы немесе энергия өндіруші ұйым қосалқы тұтынушыларға техникалық шарттар беруге рұқсат етіледі.

Барлық мәселелер бойынша тұтынушылар Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау Комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментіне **Талдықорған қаласы, Болашақ көшесі 1, 201 - кабинет мекен-жайы бойынша немесе +7 (7282) 41-87-33; +7 (7282) 41-87-32** телефонына жүгіне алады.

ТІЛ ТІРЕГІ – ХАЛЫҚ



«Тіл жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт — жойылған жұрт»
Х.Досмухамедов.

Тіл таусылмайтын байлық, неғұрлым көп тіл білсең соғұрлым өзге адамнан биік болатыны анық. Тіл адамдардың қарым қатынас жасауының басты құралы. Тіл арқылы

адамдар көп мәселені шешеді. Қазақстанда көптеген ұлттар мен ұлыстар мекен етеді. Қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі болып саналады. Жыл сайын 22- қыркүйекте тіл мерекесі тойланады. Оның мақсаты тіліміздің өркендеуіне жол ашып, озық дәстүр, салт-дәстүрді әлемге таныту. Жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді сіңіру, тіл мен тарихты қастерлеу аға буынның басты міндеті болып саналады. Тіл туралы заңды біліп, құрметтеу әр адамның борышы. Мемлекеттік тілді білу, сол тілде сөйлеу кез келген қазақстандық азаматтың міндеті. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына, мемлекетіміздің өркендеуіне ана тіліміз арқылы қол жеткізуге тырысу керек. Еліміздегі бар байлықты әлемге мойындату үшін ең алдымен өзіміз ана тілімізді шұбарламай таза сөйлесіп, жеріміз үшін халқымыз үшін аянбай еңбек етсе біздің туымыздың биікте

көрінері анық. Тіл-таусылмас қазына, еліміздің өткені мен бүгінгі күнін біз тіл арқылы жеткіземіз. Тілі жоқ ұлттың болашағы күңгірт. Тіл тірегі халық деп бекер айтылмаған. Егер тіліміз жоқ болса, мемлекетіміздің гүлденуі мүмкін емес. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген басқа халықтың тілін біліп үйренуге деген қызығушылық пен қажеттіліктің мыңздылығын көрсетеді. Бірақ өз тілімізді құрметтеп, өз тілімізде сөйлесек басқалардың алдында беделіміздің біліктеуі әлемге танылу үшін тіл тірегі болатын халқымыз өз тілінің мәртебесін биіктету керек. Тіл қоғамның жемісі, жарқын болашақтың мықты баспалдағы екенің, екейген көріден, еңбектеген балаға дейін білуіне баршамыз үлес қосу керектігі деп ойлаймын. Тіл тағдыры халық тағдыры. Бабаларымыз қасық қанын елі, жері, тілі үшін төккенін ұмытпай, тілімізден айырылмайық ағайын дегім келеді.

Б.БОРАНБАЕВ,
Ескелді аудандық
ардагерлер кеңесінің төрағасы

ВАЖНО ДЛЯ НПО! ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ОТЧЕТОВ В БАЗУ ДАННЫХ НПО

Министерство информации и общественного развития напоминает, что срок предоставления организациями сведений о своей деятельности истекает 31 марта 2023 года.

Предоставление сведений в Базу данных НПО является условием для участия в конкурсе на реализацию социальных программ и социальных проектов в рамках государственного социального заказа и государственных грантов, а также на получение премии для НПО.

Вместе с тем, нахождение в Базе данных НПО предоставит возможность организациям ознакомиться с успешными проектами казахстанских НПО, обмена опытом, возможность сотрудничества и партнерства.

Неправительственные организации могут направить сведения о деятельности организации одним из следующих способов:

- 1) через интернет-портал Базы данных НПО <https://infonpo.gov.kz/> (авторизация на интернет-портале возможна при помощи ключа ЭЦП юридического лица, полученного в ЦОНе);
 - 2) через почту либо нарочно на бумажном и электронном носителях (CD-дисках либо USB-флэш-накопителях в формате Word) в уполномоченный орган (Комитет по делам граждан Казахстана Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, г. Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8 «Дом министерств», 15-подъезд).
- За непредоставление, несвоевременное предоставление и предоставление недостоверных или заведомо ложных сведений в Базу данных НПО предусмотрена ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- В этой связи призываем неправительственные организации до 31 марта 2023 года сдать сведения о своей деятельности за 2022 год в Базу данных НПО через информационный ресурс infonpo.gov.kz.

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

2023 жылғы 19 наурыз Қазақстан

Республикасы Парламенті Мәжілісі мен

мәслихаттары депутаттарының сайлауы

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні өзіңіз тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне отыз күн қалғанда, яғни 2023 жылғы 17 ақпанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;

- басқа қаладан келген, арнаулы жоғары және орта оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат, біртұтас жалпыұлттық сайлау округін, сонымен қатар бірмандаттық аумақтық сайлау округтерін ескере отырып, сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілуіңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2023 жылғы 4 наурыздан бастап Сізге өз учаскеніңдегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылдаңыз!

ӨРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

НАВАРЛАНДЫРУ

14.02.2023 ж. бастап 20.02.2023ж дейін БЭП сайтында <http://ecportal.kz> / келесі жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі «Алматы облысы, Ескелді ауданы, Төлеңгіт ауылдық округі, Жетісу ауылындағы әкімдік ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу».

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Ескелді ауданы Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, БСН 130340004742, мекенжайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Жетісу ауылы, Досқожанов көшесі, 26 ғимараты. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекен-жайы: 87015030518, e-mail: tooikarstroy@mail.ru. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press/article/1?activities=45050&lang=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ecportal.kz сайтында қабылданады.

Әзірлеуші «Икар-Строй» ЖШС, «Курманғалиев Р.А.» ЖК, тел. 87015030518, 87012775623. Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, тел.8(7282) 32-92-67.

С 14.02.2023г по 20.02.2023г на сайте ЕЭП <http://ecportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Капитальный ремонт здания акимата в с.Жетысу Туленгутского сельского округа Ескельдинского района Алматинской области».

Инициатор намечаемой деятельности: ГУ «Аппарат акима Туленгутского сельского округа Ескельдинского района», БИН 130340004742, адрес: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Жетісу, ул.Досқожанова, №26. Контакты и электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 87015030518, e-mail: tooikarstroy@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press/article/1?activities=45050&lang=ru>, в разделе «Общественные слушания». Предложения и замечания принимаются на сайте ecportal.kz.

Разработчик ТОО «Икар-Строй», ИП «Курманғалиев Р.А.» тел. 87015030518, 87012775623. Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.8(7282) 32-92-67

ОБРАЩЕНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ
КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

19 марта 2023 ГОДА выборы депутатов
Мажилиса Парламента и маслихатов
Республики Казахстан

Гарантией реализации конституционного права на участие в выборах является включение Вас в список избирателей.

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного заявления в акиматы по месту их нахождения.

Каждый гражданин, который не будет иметь возможность прибыть в день голосования на избирательный участок по месту своей регистрации, не позднее чем за тридцать дней до дня голосования или 17 февраля 2023 года, вправе подать заявление в соответствующий акимат и зарегистрироваться на избирательном участке по месту своего фактического нахождения.

При поступлении обращения акимат организует исключение гражданина из списка избирателей по месту регистрации и включение его в список того участка, на котором он будет голосовать.

Воспользоваться данным правом могут:

- граждане, которым известно, что в день голосования они не будут находиться по месту регистрации;

- иногородние студенты, обучающиеся в высших и средних специальных учебных заведениях, проживающие вне общежитий;

- граждане, работающие вахтовым методом.

Гражданин может быть включен только в один список избирателей с учетом единого общенационального избирательного округа, а также одномандатных территориальных избирательных округов.

Проверить включение себя в список избирателей по месту регистрации можно через сайт или Call-центр соответствующего акимата.

С 4 марта 2023 года Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на своем участке.

Уважаемые избиратели!

Призываем проявить правовую грамотность и реализовать свое конституционное право на участие в выборах!

Своевременно примите необходимые юридически значимые действия по включению себя в список избирателей!

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

НАВАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 24 – қаңтар күні Бақтыбай ауылдық округіне қарасты, Бақтыбай ауылындағы Балтабай Абдрахманов көшесінің атауын өзгерту туралы жиын өтіп, шешім қабылданды. Шешімге сәйкес Бақтыбай ауылдық округі Бақтыбай ауылына қарасты Балтабай Абдрахманов көшесін – Абдрахман Балтабаев көшесі деп қайта атау туралы ұсыныс мақұлданды. Тиісті құжаттары жинақталып, облыстық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылсын.

Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты

АРАЙ БІЛІМ
ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ
ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

- МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ;
- БАСТАУЫШ СЫНЫП
- ТЖБ, БЖБ;
- КӨРКЕМ ЖАЗУ;
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ;
- ОРЫС ТІЛІ;
- УБТ ҒА ДАЙЫНДЫҚ;
- НЗМ; КТЛ; 20,24 ЛИЦЕЙ-Е ДАЯРЛАУ.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ:
87474287029
ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫ,
БАЛПЫҚ БИ К-СІ, 109



УЧЕБНЫЙ
ЦЕНТР
“АРАЙ БІЛІМ”

- ПОДГОТОВКА ЕНТ;
- ПОДГОТОВКА В НИШ, КТЛ, 20, 24 ЛИЦЕЙ;
- ПОДТОВКА К ШКОЛЕ;
- НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА;
- АНГИЙСКИЙ ЯЗЫК;
- РУССКИЙ ЯЗЫК;

ОБРАЩАТЬСЯ
ПО НОМЕРУ:
8 747 428 70 29

П. КАРАБҰЛАҚ,
УЛ. БАЛПЫҚ БИ, 109

2022 жылдың қаңтар - желтоқсан айындағы Ескелді ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі көрсеткіштерінің қысқаша мәліметтері

- Орташа айлық еңбекақы – 241673 теңге (2022 жылғы қаңтар – қыркүйек)
- Ең төменгі күнкөріс деңгейі, – 43240 теңге (2022 жылғы желтоқсан)
- Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі – 6542,1 млн. теңге (2022 жылғы қаңтар – желтоқсан)
- Ауылшаруашылығы өнімдерінің – 55827,5 көлемі,млн теңге (қаңтар – желтоқсан)
- Негізгі капиталға инвестициялар көлемі, - 11108,1 млн теңге (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан)
- Орындалған құрылыс жұмыстарының(қызмет) - 6229,6 көлемі, млн теңге (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан)
- Іске қосылған тұрғын үйлердің – 9,3 жалпы алаңы мың шаршы метр (2022 жылғы қаңтар – желтоқсан)
- Бөлшек тауар айналымының көлемі,млн - 4726,2 теңге(2022 жылғы қаңтар-желтоқсан)

Ескелді ауданының статистика бөлімі ***

Показатели Социально – экономическое развитие Ескельдинского района за январь-декабрь месяца 2022 года

- Среднемесячная заработная плата – 241673 (январь – сентябрь 2022года) тенге
- Величина прожиточного минимума, тенге – 43240 (декабрь 2022 года)
- Объем промышленной продукции – 6542,1 млн.тенге (январь – декабрь 2022года)
- Объем продукции сельского хозяйства – 55827,5 млн.тенге (январь – декабрь 2022 года)
- Объем инвестиций в основной капитал, - 11108,1 млн тенге (январь-декабрь 2022 года)
- Объем выполненных строительных работ, -6229,6 млн тенге (январь –декабрь 2022 года)
- Общая площадь введенных в – 9,3 эксплуатацию жилых здания тыс кв.м (январь – декабрь 2022 года)
- Объем розничного товарооборота, млн тенге, - 4726,2 (январь-декабрь 2022 года)

Отдел статистики Ескельдинского района

«Жетісу шұғыласы» газеті ақпан айынан бастап 2023 жылға арналған айлық жазылымын ашатынын хабарлайды!

Біздің индекс 66535
Жазылым сомасы – 381 теңге
БІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!
Жазылу кезінде жазылушылар жеңілдіктер алады!
Біздің электрондық пошта мекенжайымыз: eskeldi_eli@mail.ru
Телефон нөмірі: 3-19-15

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет с февраля месяца об открытии ежемесячной подписки на 2023 год!

Наш ИНДЕКС - 66535
Сумма подписки – 381 тг
ПОДПИШИТЬСЯ НА НАС!
Подписчикам при публикации предоставляются скидки!
Наш электронный адрес: eskeldi_eli@mail.ru
Номер телефона: 3-19-15

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1000 Тираж 1000 Тапсырыс 90 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.